

ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТЫ

Дайындаған: Амалбекова С.А.



© voxpopuli.kz

Қазақстан табиғаты соншалықты бай, ғажап әрі қарама-қайшылыққа толы болғандықтан, ландшафты тіптен қайталанбайды. Бір күн жол жүрсең, таудың қар басқан шыңына көтерілуге, таулы өткелдерден жүріп өтуге және қылқан жапырақты орманда серуендеуге болады; бір-екі сағат жол жүрсең болғаны, ұшы-қиыры жоқ кең даланың барқандары мен құмында, ежелгі тораңғы шоғының күрделі иілімінің арасында тұрасың, ежелгі арналардың қуаты мен күшін сезінесің және әктастан құралған лабиринттерде адасып кетесің.



© voxpopuli.kz

Ассы үстірті – теңіз деңгейінен 2800 метр биіктікте орналасқан жазғы жайлау. Қыста бұл жақтың климаты өте суық, бірақ жазда күнде-күнде нөсерлетіп жауып, шабындықтарды суғаратын жауын мен таудағы күйдіріп жіберетін күннің әсерінен жайлау малды жаюға таптырмас жайылым болады. Ежелден шопандар табиғаттың осы сыйын ақылмен пайдаланып келеді. Көшпенділердің өткен ғасырдағы ахуалын еске түсіре отырып, олардың киіз үйлері шабындықтар мен тау жоталарымен керемет үйлеседі.



© voxpopuli.kz

Ассы үстіртіне барар жолда құрылысы аяқталмай қалған обсерваторияны ккруге болады. Құрылысы 90-шы жылдары тоқтап қалған болатын. Алыстан қарағанда ол өте үлкен саңырауқұлаққа ұқсайды.



© voxpopuli.kz

Ассы үстіртінен былайырақ шығып, шатқалдан өтіп, асудың шыңына шықсаң, Күнгей Алатау тізбегі бойынша керемет көріністі байқауға болады. Күнгей Алатаудың оң жағынан Ыстық көлдің солтүстік шұңқыры күшті кетік-кетік қабырғамен қоршалып тұр.



Қызыл ауыз асуынан қарағандағы көрініс. Кейде, әсіресе жауын-шашыннан соң, ауаның тазалығы таңғалдырады - қарсы беттегі жота қол созым жерде сияқты, ал іс жүзінде тау асудан 70 шақырым қашықтықта орналасқан.





© voxpopuli.kz

Табан Қарағайдан қарағандағы көрініс. Төменгі жақта Іле Алатауының ең ірі таулы өзені - ағысы қатты Шелек өзені ағып жатыр, ол суын Іле өзеніне құяды. Екі сурет жылдың әр мезгілінде түсірілген.



© voxpopuli.kz

Табан Қарағай – Ассы үстіртінің оңтүстігінде
жатқан жазғы жайылым - жайлау.
Бұл жақтың табиғаты әлдеқайда маңғаз, ал
адамның ізі бұл жерде анағұрлым аз.





© voxpopuli.k

Кейбір киіз үйлер қар басқан таудың етегінде тігілген, жылдам қалқып бара жатқан бұлттардың әсерінен жарық әр минут сайын өзгеріп бағуда - фотограф осындай басыңды айналдырып жіберердей көріністен басқаға алаңдай алмай қалды.



© voxpopuli.kz

Іле Алатауының солтүстігінде, 100 шақырымдай жерде Ән салатын барқан жатыр. Бұл құмның еш нәрсеге ұқсамайтындай жиналуы, биіктігі шамамен 90 метр және ұзындығы бірнеше шақырым. Қатты жел тұрғанда құм қиыршықтары орнын ауыстырғанда және электрленгенде гуілдегенге ұқсас дыбыс шығарады. Осыдан барып атауы қалыптасқан: «ән салатын» - барқан ән айтқандай болады.